ЖШС «АСЫЛ-САЯН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Педагогикалық кеңес №1

Өткізілген уақыты: 31.08.2023ж

Тақырыбы: «2023 - 2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Мақсаты: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы. 2023 - 2024 оқу жылының жұмыс жоспары және негізгі жылдық міндеттемелерін талқылау, бекіту.

Төрайымы: Тилеумбетова Н

Хатшысы: Алқабек Н

Қатысқандар саны– 7

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Медбикенің жазғы-сауықтыруының есебі
2. Жазғы-сауықтыру жұмысының қорытындысы
3. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы
4. 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту.
5. Жаңа 2023- 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқу жоспарларын бекіту.
6. Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.
7. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырма беру және бекіту.
8. Әртүрлі тақырыптарды талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі *Тилеумбетова Нуржамал* сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті.
2. 2023 - 2024 оқу жылы бойынша есеп берді, атқарылған жұмыстарды атап өтті.
3. Медбике жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысының есебімен таныстырып өтті.

4. Әрі қарай әдіскерлер жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын атап өтті.
5. Бөбекжай-бақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделуі кезеңінің қорытындысымен психолог таныстырып өтті.
6. Жаңа 2023 - 2024 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстырып және 2023 - 2024 оқу жылына бөбекжай-бақша міндеттерін меңгеруші *Тилеумбетова Н* бекітті.
7. Күн тәртібін, ҰІӘ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды меңгеруші *Тилеумбетова Н* бекітті.
8. Жас ерекшелік топтарының тәрбиешілеріне вариативтік компоненттер бойынша тапсырманы беріп меңгеруші *Тилеумбетова Н* бекітті.
9. Әртүрлі мәселелер талқыланды.

ШЕШІМІ:

1. ЖШС «Асыл-Саян» бөбекжай-бақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова Н жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Медбикенің жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмысы бойынша есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
4. Балабақшаға жаңа қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін. Тәрбиешілер ата-аналар мен балаларды үнемі балабақшаға келуге ынталандырсын.
5. 2023 - 2024 оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
6. Жаңа оқу жылына арналған бөбекжай-бақшасының жылдық міндеттері бекітілсін.
7. Күн тәртібі, ҰІӘ кестесі бекітілсін.
8. 2023 - 2024 оқу жылына арналған вариативті компоненттегі білім беру үдерісіне келесі авторлық бағдарламалар мен әдістемелік ұсыныстар бекітілсін.
9. Хатшылар бекітілсін,
   Педагогикалық кеңестің хатшысы - Алқабек Н
   Меңгеруші жанындағы өндірістік жиналыс хатшысы - Алқабек Н
   Семинарлар, кеңестер хатшысы - Алқабек Н
   Ашық есіктер хатшысы - Алқабек Н

10.Мамандардың жұмыс кестелері бекітілсін.

11. Қызметкерлерді топ бойынша орналастыру бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: *Тилеумбетова Н*

Хатшы: ***Алқабек Н***

ЖШС «АСЫЛ-САЯН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Педагогикалық кеңес №2

Өткізілген уақыты: 25.10.2023ж

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, жанды және жансыз табиғат объектілерін, құбылыстарын білуге құштарлығы мен саналы - дұрыс қатынастарын дамыту».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру

Төрайымы: Тилеумбетова Н

Хатшысы: Алқабек Н

КҮН ТӘРТІБІ

1.№1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы.

2.Топ балаларының І-ші квартал бойынша сырқат қорытындысы.

3.Кітаптар көрмесінің қортындысы.

4.Серуеннің картотека көрмесі. Жауапты: барлық жас ерекшелік топ тәрбиешілері.

5.Педагогикалық әдеп бойынша комиссия мүшілерінің таңдау.

Шешімі

1. І тоқсан бойынша топ балаларының аурушаңдықтарын талдау қанағаттанарлық деп саналсын. Бөбекжай-бақшаның барлық қызметкерлері карантиндік сақтық шараларын сақтасын.

Ұсыныстар:

- Балаларға экологиялық білім беру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Балалардың сөйлеу қабілетін арттыруға ерекше назар аудару.
- Балаларға ашық (жуан) сұрақтар қою арқылы өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.
- Педагогтерге ақпараттық технологияларды игере отырып, өзін-өзі дамытуға ұмтылу.
- Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілерін жан-жақты дамыту үшін бейнеойынды мүмкіндігінше көп қолдану.

2. Кітап кормесінің қорытындысы бойынша марапатталды:

Ұсыныстар:

3 Кітап көрмелеріне қатысқанда тәрбиешілерге тақырыпқа сәйкестігін, көрнекілік және мәтіндік материалдардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкес болуына, сонымен қатар дизайндағы эстетикаға ерекше назар аударылуы ескертілді..

- Шығармашылық пен креативтілікті көрсете отырып, ата-аналарды кітап жасауға тарту. Ата-аналарға тақырыптың нақты мәнін жеткізу.

4.Серуеннің картотекалары көрмесінің нәтижелері қанағаттанарлық деп саналсын. Ескертулер болған топтардың тәрбиешілері түзету жасауы қажет екені ескертілді.

5.Педагогикалық әдеп жөніндегі комиссияның құрамын бекіту:
1.Талипова А
2.Алқабек Н
3.Нуралиева С
Хатшы: Алқабек Н
Педагогикалық кеңестің хатшысы Алқабек Н
қайта сайлансын.
Хатшы *Алқабек Нұрбақыт* бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы *Тілеумбетова Н*
Хатшы: *Алқабек Н*

ЖШС «АСЫЛ-САЯН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Педагогикалық кеңес №3

Өткізілген уақыты: 15.12.2023ж

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары».
Мақсаты: 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау. 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы.
«2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.
2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары».
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау.
4.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдады:
Бірінші мәселе бойынша меңгеруші **Тилеумбетова Н** сөз сөйледі.
Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр, педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:
- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жаңартылсын және жүйеленсін.
- Тәрбиешілер Дидактикалық әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргізсін.
Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.
Бұдан әрі «2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.
Екінші мәселе бойынша әдіскерлер Н.Алқабек «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады.
(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:
Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.
Қатысушылар ұсыныстыбірауыздан қолдады.

Шешім:

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес №4 педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:
- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.
- Тәрбиешілерге Дидактикалық әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.
2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: ***Тилеумбетова Н***
Хатшы: ***Алқабек Н***

ЖШС «АСЫЛ-САЯН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Педагогикалық кеңес №4

Өткізілген уақыты: 29.03.2024ж

Тақырыбы: «Балалардың ойлау қабілеті мен зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы тиімді әдістер»

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, бақылау, талдау және тәжірибе жасау дағдыларын дамытатын әдістемелік тәсілдерді талдау, тәрбиешілердің тәжірибе алмасуын қамтамасыз етіп, зерттеушілік қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жетілдіру.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалу барысы.
2. «Логика әлемі» айдары бойынша ортаңғы топ тәрбиешісінің жұмыс есебі.
3. «Біз зерттеушіміз» айдары аясында ересек топ тәрбиеленушілерінің жобалық жұмыстары.
4. Әдістемелік мәселелер мен ұсыныстар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алып, өткен кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу деңгейіне тоқталды. Шешімдердің бір бөлігі толық орындалғаны, кейбірінің орындалуы жалғасып жатқаны айтылды.

Келесі мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі А.Кошаева «Логика әлемі» айдары аясында жүргізілген танымдық ойындар мен тапсырмалар арқылы балалардың ойлау, салыстыру, сәйкестендіру дағдыларының артқаны туралы баяндады.

Үшінші мәселе бойынша ересек топ тәрбиешісі С.Қаршыға «Біз зерттеушіміз» жобасы аясында балалардың қарапайым тәжірибелік әрекеттер арқылы айналаны танып-білуге қызығушылықтары артқанын атап өтті. Балалар табиғи материалдармен тәжірибе жасап, бақылау күнделігін толтырған.

Шешім:

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Логика әлемі» айдары аясында жүргізілген жұмыс нәтижелері әдістемелік бұрышта көрме ретінде ұсынылсын.
3. «Біз зерттеушіміз» жобасы жыл соңына дейін жалғастырылып, ата-аналармен бірлескен іс-шара өткізілсін.
4. Әдістемелік бірлестік отырысында зерттеушілік бағыттағы жұмыс әдістері талқылансын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: ***Тилеумбетова Н***
Хатшы: ***Алқабек Н***

ЖШС «АСЫЛ-САЯН» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Педагогикалық кеңес №5

Өткізілген уақыты: 31.05.2024ж

Тақырыбы:
«2023–2024 оқу жылындағы балабақша қызметінің қорытындысы және келесі оқу жылына қойылатын міндеттер»

Мақсаты:
2023–2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының нәтижелерін саралап, жетістіктер мен кемшіліктерге талдау жасау, педагогтардың кәсіби дамуын бағалау және 2024–2025 оқу жылына нақты міндеттер мен басым бағыттарды айқындау.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен оқу жылындағы педагогикалық кеңестің шешімдерін талдау.
2. Әр топ бойынша оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері туралы есеп.
3. Әдіскердің оқу жылы барысында атқарған әдістемелік жұмыстары бойынша есебі.
4. Жаз мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының жоспары.
5. Келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттар мен міндеттерді бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Н.Тилеумбетова сөз алып, өткен кеңестегі шешімдердің орындалуын саралап, орындалу деңгейін қанағаттанарлық деп бағалады.

Келесі кезекте топ тәрбиешілері 2023–2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстар бойынша есеп беріп, балалардың дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Н.Алқабек әдістемелік жұмыстар бойынша есебін ұсынды. Жыл ішінде жүргізілген семинарлар, тәжірибе алмасу алаңдары мен ашық сабақтар талданып, келесі жылы жетілдіруді қажет ететін тұстар айтылды.

Медбике Ж.Тұтқабай жаз мезгілінде өткізілетін сауықтыру шаралары туралы айтып, әр топта денсаулыққа бағытталған жұмыс жоспарын таныстырды.

Шешім:

1. Өткен кеңестегі шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Топ тәрбиешілерінің оқу жылындағы жұмысы бойынша есебі назарға алынсын.
3. Әдістемелік жұмыс есебі қабылдансын, келесі жылы жалғастыру ұсынылсын.
4. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін.
5. 2024–2025 оқу жылына арналған негізгі бағыттар мен міндеттер нақты айқындалып, жұмыс жоспарына енгізілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: ***Ғилеумбетова Н***
Хатшы: ***Алқабек Н***